

Табантал ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1 "Табантал ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 12 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 5737 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Табантал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Табантал ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1 "Табантал ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-67 тіркелген, 2008 жылы 15 желтоқсанда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Табантал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Табантал ауылдық округінің әкімі

Р. Сарсенғалиев